

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК ТАҒЫЛЫМЫ

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Елбасымыз рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынды. Рухани жаңғыру бастауын бүгін алған мәселе емес. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар да аз емес. Қазір білектінің емес, білімдінің салтанат құрған уақыты. Табысты болудың кілті – білімде. Саналы ұрпақ тәрбиелеп, білім беру - Елбасы саясатының басты жөне негізгі бағыттарының бірі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, мыңдаған жасты әлемнің маңдай алды жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік беретін Болашақ бағдарламасы жүзеге асырылуы, елімізде жоғары деңгейде бірқатар университеттердің ашылуы, зияткерлік мектептер жүйесінің қалыптасуы білім беру саласындағы жетістіктің нақты көрсеткіші бола алады.

Елдің жарқын болашағы білімді жастардың қолында. Осы тұрғыда

оқытушы-профессор құрамына қойылатын талап та жоғарылады. Бүгінгі оқытушы-профессор құрамы шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, алған білімін шынайы өмірмен ұштастырып, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Тәуелсіздік ұғымының терең астарын тарих қойнауынан, ата-бабамыздың өткенінен, оның санғасырлық арманынан іздегеніміз абзал.

Көкжиектен ауытқымай, ұлт көшбасшысының өскелең ұрпаққа меңзеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық.

**А.А.Тоқтабек, А.Е.Отуншиева,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті
«Стандарттау және сертификат-
тау» кафедрасының
магистр, аға оқытушылары**